

Жалпы республикалық педагогикалық көнес
Хаттама

Откізілген күні, уақыты: 02.09.2022 ж сағат 13:00

Қатысқаны: 52

Қатыспағаны: 4

Тақырыбы: Мемлекеттің сыйбайлас жемкорлықка карсы күрес саясатының негізгі бағыттары

Мақсаты: Мемлекеттің сыйбайлас жемкорлықка карсы күрес саясатының негізгі бағыттары жайлы түсіндіру.

Откізу формасы: кашықтықтан (*сілтеме бойынша*)

Күн тәртібі:

1. Мемлекеттің сыйбайлас жемкорлықка карсы күрес саясатының негізгі бағыттары

Барысы:

1. Мемлекеттің сыйбайлас жемкорлықка карсы күрес саясатының негізгі бағыттары туралы бастауыш сынын мұғалімі Жолдасова Шынар Аңасабаевна жеке-жеке талдап, токталып отті,

1. Мемлекеттің сыйбайлас жемкорлықка карсы күрес саясатының негізгі бағыттары

Сыйбайлас жемкорлық адамзаттың ұйымдасткан қоғам лайда болғаннан бері оның құрамда бір бөлігі болып келетіні ежелден анық. Білік басындағы адамдардың өз құзырын асыра пайдалануына жол бермеу жолдарын қарастыру ежелгі Грекия мен Рим заманындағы зерттеушілер, ғалымдар енбектерінде манызды орын алған тақырып. Бұғаңға күні мемлекеттің дамуын тежеятін ішкі факторлардың ішінде сыйбайлас жемкорлық, онымен күрес жолы ең күрделі және мемлекеттің халық алдында, халықаралық деңгейде беделін түсіретін күбынтыс болып отыр. Жемкорлықпен күрестің алемдік тәжірибесі көрсетін отыргандай, оның халықаралық күкүк саласында бірауыздан мойындалған анықтамасы жок екенін, онымен күрес салдары, тәжірибесі әр мемлекетте артүрлі болғандығын көрсетіл отыр. Дамынан Еуропа елдері мен АҚШ-та саяси партиялар арасында партиялық сыйбайлас жемкорлық етек алған. Дамушы елдерде сыйбайлас жемкорлық мемлекеттің аппараттың барлық сатыларында кездеседі.

Біріккен Үлттар Ұйымының Сыйбайлас жемкорлықка карсы конвенциясы 2003 жылы қабылданды, 2008 жылы конвенцияны Қазакстан Республикасы да ратификациятай отырып, оған мүше 140 мемлекеттің катарына кірді. Осы конвенцияда катысуши мемлекеттерге ұсынылған талантардың басым бөлігі Қазакстанда жүзеге асырылуда. Конвенцияның 6, 36-баптарында айтылған сыйбайлас жемкорлықпен күресуге арнайы мамандандырылған мемлекеттік орган құру, мемлекеттік қызметкө кадрларды конкурс негізінде қабылдау, мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексін қабылдау, мемлекеттік сатын алуларда ашықтық нен бәсекелестікті қамтамасыз ету туралы талантар жүзеге асырылды. БҰҰ ұсыныстарындағы 13-бап қарастыратын талантар сыйбайлас жемкорлықпен күреске мемлекеттік ұйымдармен катар азаматтық қоғамды жұмылдырумен байланысты болады. Осы бағытты іске асыру Қазакстан Республикасының алдында тұрган басты міндеттердің бірі болып табылады.

2015 жылға дейін Қазакстан Республикасында сыйбайлас жемкорлықка карсы бірнеше бағдарламалар жүзеге асырылды. Сыйбайлас жемкорлықка карсы озара сабактас, тұракты мемлекеттік деңгейде шараптардың жүзеге асырылуына Қазакстан Республикасы Президентінің «Қазакстан 2050» стратегиясында көреестілген міндеттер жаңа каркын

беріл, күрес бағыттарын айқындаі түсті. «Қазақстан 2050» стратегиясымен белгілентен жана міндеттер арасында онымен күресті жалпы халықтың деңгейге көтеру, сыйбайлас жемкорлықтың алдын алу шараларын нығайту, қоғамның барлық салаларында сыйбайлас жемкорлыққа карсы мәдениет қалыптастыру, мемлекеттік органдарға халықтың бакылауын күшету бар.

Елбасының «Қазақстан 2050» стратегиясында айтылған сыйбайлас жемкорлыққа карсы күрестің жаңа бағытын жүзеге асыру мақсатында көптеген мемлекеттік органдарда, қоғамдық-саяси үйымдарда 2015 жылдан басталатын сыйбайлас жемкорлықпен күрестің салальық бағдарламалары кабылданды. 2014 жылдың 11 нарашасында жан-жакты қоғамдық талқылаулардан соң «Нұр Отан» партиясының 2015-2025 жылдарға ариалған сыйбайлас жемкорлықпен күрес бағдарламасы жарияланды. Оның басты мақсаты – кез келген жемкорлық белгілеріне мүлдем тозбеушілік ахуалын қалыптастырып, бұған бүкіл қоғамды гарту. Алдағы онжылдықта «Нұр Отан» партиясы сыйбайлас жемкорлыққа карсы мәдениетті қалыптастыру, оның алдын алу, мемлекеттік басқару органдарында қоғамдық бакылауды күшету, жергілікті басқару оқілдегін қөңейту және сыйбайлас жемкорлыққа карсы заңнаманы жетілдіру міндеттерін жүзеге асыраны.

2015 жылғы 1 сәуірде макулаңған Қазақстан Республикасы Каржы министрлігінің сыйбайлас жемкорлықпен күрестің әдістемелік ұсынымдары – кадрлық маселелерінде оны түп-тамырымен жоюға бағытталған. Әдістемелік ұсынымдарда кадрларды таңдау, дайындау, біліктілік жогарылатуда жемкорлық белгілерінің алдын алу, министрлік құзырындагы мекемелерде кадрлар кұрамына жауапты тұлғалар және олардың жауапкершілігі анықталған.

Алданы уақытта сыйбайлас жемкорлықпен күрес тек атқарушы немесе басқаруны биліктің ғана емес, жалпыұлттық, халықтық мақсатқа айналуы тиіс, тек сонда гана осы қоғамдық індет тамырына балта шабылады.

ШЕИИМ

1. Мемлекеттің сыйбайлас жемкорлыққа карсы күрес саясатының негізгі бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілсін

Директор

Хатшы



Д.Жолдасова

Л.Аханова